

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2020 жылдың 17 наурызындағы  
№ 8 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2020 жылдың 03 тамызынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## Биржаның сауда-саттық жүйелеріне кіруге рұқсаттама беру **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

---

---

Алматы қ.

2020

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 өзгерту:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 26 мамырындағы № 38 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2021 жылдың 07 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

### **2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылдың 26 шілдесіндегі № 18 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2023 жылдың 25 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген, Биржаның сауда-саттық жүйелеріне (бұдан әрі – сауда-саттық жүйесі деп аталатын) қол жеткізуді қамтамасыз ету шарттары мен тәртібін белгілейді..

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1 бап. Негізгі ұғымдар мен шартты белгілер

1. Осы ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарымен анықталған ұғымдар мен шартты белгілер пайдаланылған.
2. Осы Ережелердің мақсаттары үшін:
  - 1) сауда-саттық жүйесіне қол жеткізу деп жеке тұлғаның сауда-саттық жүйесіне немесе қосалқы жүйеге кіруге рұқсаттама алуы, онымен және/немесе онда белгілі бір әрекеттерді орындау құқығымен, тапсырыс өндеуге қол жетімділік деп түсіну керек;
  - 2) үміткер деп, рұқсаттама алу үшін оқулардан өтуге ниеттенген немесе өтіп жатқан жеке тұлғаны түсіну керек;
  - 3) қадағалаушы деп сауда-саттық жүйесінде сауда-саттықтардың барысы мен нәтижелерін қарауға құқылы пайдаланушыны түсіну керек;
  - 4) сауда-саттық жүйесін пайдаланушысы немесе пайдаланушы деп сауда-саттық жүйесіне кіруге рұқсаттама алған, жеке тұлғаны түсіну керек;
  - 5) оқыту деп онлайн-платформа арқылы Биржаның оқыту семинарын өткізуі немесе үміткердің сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеу дағдыларын игеруі және оған қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында үміткерлерге Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған оқыту материалдарына қол жеткізуге рұқсат беру түсініледі (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*);
  - 6) Биржаның оқыту материалдары деп Биржаның ішкі құжаттары және үміткердің өз бетінше зерделеуіне арналған және Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған сауда-саттық жүйесімен жұмыс жөніндегі бейнематериалдар түсініледі (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*);
  - 7) қысқа код деп пайдаланушыға сауда-саттық жүйесінде оны белгілеу үшін берілген жеке сәйкестендіру кодын түсіну керек;
  - 8) Бөлім деп негізгі міндеттерінің қатарына сауда-саттық жүйесін пайдаланушыларға үміткерді оқытуды жүргізу және сауда-саттық жүйесіне қол жеткізуді қамтамасыз ету кіретін Биржаның құрылымдық бөлімшесі (дербес немесе басқа құрылымдық бөлімшенің құрамына кіретін) түсініледі (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*);
  - 9) шлюз деп, Биржа мүшесінің бағдарламалық-аппараттық құралдары кешенінің сауда жүйесімен өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуге, оның ішінде сауда жүйесіне / жүйесінен мәліметтер жіберуге және қабылдауға арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық құралын үтүсіну керек.

### 2 бап. Сауда-саттық жүйесіне кіруге рұқсаттама алу құқығы

1. Рұқсаттама алуға келесі жеке тұлғалар құқылы:
  - 1) Биржа мүшесінің трейдерлері;

- 2) бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушылары;
  - 3) сауда-саттық жүйесінде байқаушылар ретінде жұмыс істеуді көздеген, тұлғалар;
  - 4) Биржаның қызметкерлері.
2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілгендердің ішінен мынадай жеке тұлғалар сауда-саттық жүйесін пайдаланушылары осы Ережелердің 2 тарауына сәйкес Биржа өткізетін оқытудан өткеннен кейін ғана қол жеткізе алады және мәртебесін алады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:
- 1) Биржа мүшелерінің трейдерлері;
  - 2) бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушыларының қызметкерлері;
  - 3) еңбектік (қызметтік) міндеттері келесіні тұспалдайтын, Биржа қызметкерлері:  
сауда-саттық жүйесіне рұқсаттама беру;  
сауда-саттық жүйесінде сауда-саттықтар ұйымдастыру және өткізуге қатысты әрекеттерді орындау;  
қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру бойынша әрекеттерді орындау;  
Биржаның және орталық контрагенттің өтімділігін басқару *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
  - 4) Биржа клирингтік қызметті жүзеге асыруға шарт жасасқан клирингтік ұйымның қызметкерлері *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
3. Осы баптың 1 тармағында көрсетілгендердің ішінен мынадай жеке тұлғалар осы Ережелердің 2 тарауына сәйкес Биржа өткізетін оқытудан өтпей-ақ сауда-саттық жүйесіне келесі пайдаланушылар қол жеткізе алады және пайдаланушы мәртебесін алады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:
- 1) сауда-саттық жүйесімен қадағалаушы ретінде жұмыс жасауды көздеген тұлғалар;
  - 2) сауда-саттық жүйесі бөлігінде еңбек (қызметтік) міндеттері сауда-саттық жүйесіндегі сауда-саттықтың барысы мен нәтижелерін қараумен ғана шектелген лауазымдық өкілеттіктерді көздейтін Биржа және клирингтік ұйымның қызметкерлері *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

**3 бап.**

**Сауда-саттық жүйесіне шлюз арқылы рұқсаттама алу құқығы**

1. Сауда-саттық жүйесіне шлюз арқылы рұқсаттама алу құқығы Биржа мүшесіне осы Ережелердің 20 бабының 2 тармағына сәйкес беріледі.
2. Биржа қолданыстағы шлюздер арқылы Биржаның сауда-саттық жүйесіне бағдарламалық-техникалық құралдар кешенін қосу мәселелері бойынша ақысыз кеңес береді және ақпарат ұсынады.

**4 бап.**

**Тапсырмаларды өңдеу бойынша қосалқы жүйесіне рұқсаттама алу құқығы**

1. Тапсырмаларды өңдеу бойынша қосалқы жүйесіне рұқсаттаманы демеушілік рұқсаттама клиенті (бұдан әрі – SMA-клиент) алуға құқылы.

2. SMA-клиент, Биржа өткізетін оқудан өтпей-ақ, немесе дербес түрде материалдарды зерделеусіз, қосалқы жүйесіне рұқсаттама алуға құқылы.

## 2 тарау. ҮМІТКЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУШЫ БОЛУҒА ОҚЫТУ

### 5 бап.

#### Оқыту өткізу туралы жалпы қағидалар

1. Сауда-саттық жүйесіне қол жеткізу мақсатында үміткер келесі оқыту әдістерінің бірін таңдауға құқылы:
  - 1) онлайн-платформа арқылы Биржа жүргізетін оқытудан өту;
  - 2) үміткердің Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған оқыту материалдарын дербес зерделеуі.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

2. Биржа келесі курстар бойынша оқыту өткізеді:
  - 1) "Қор нарығы";
  - 2) "Валюта нарығы";
  - 3) "Деривативтер нарығы";
  - 4) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған)*.
3. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған)*.
4. Үміткер бір уақытта екі немесе одан аса курстардан оқулардан өтуге құқылы.
5. Оқыту кандидаттарды мыналармен таныстыру мақсатында жүргізіледі:
  - 1) "Ережелер" бөлімінде Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы және Биржаның ішкі құжаттары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік құқықтық актілерінің тізбелерімен;
  - 2) биржалық сауда-саттықты жүргізу, биржалық нарықтарда клиринг пен есеп айырысуды жүзеге асыру шарттары мен тәртібімен;
  - 3) Биржаның сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеу.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

6. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған)*.
7. Пайдаланушының сауда-саттық жүйесіндегі жұмысындағы үзіліс Биржа мүшесі осы пайдаланушының аты-жөнін трейдерлер тізімінен немесе мониторинг пен оқыту жүйесін пайдаланушылар тізімінен шығарған сәттен бастап бір жылдан кем болса, осы үміткер оқудан өтпеуге құқылы.
8. Биржа осы Ережелерге 1 қосымшада анықталған нысанға сәйкес оқудан өткен үміткердердің тізімін жүргізеді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

### 6 бап.

#### Оқыту кестесі

1. Онлайн-платформа арқылы оқытуды Биржа әр бейсенбі сайын осы баптың 2 және 3 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүргізеді.

Үміткердің Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған оқыту материалдарын өз бетінше зерделеуі арқылы оқыту осы үміткер үшін ыңғайлы кез келген жұмыс күні жүргізіледі, оған Биржаның интернет-ресурсы сыртқы пайдаланушылар үшін қолжетімді болады.

2. Егер онлайн-платформа арқылы оқытуды өткізу күні демалыс немесе жұмыс істемейтін мереке күніне келетін болса, мұндай оқыту осы демалыс (мереке) күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні өткізіледі.
3. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген күннен басқа күні онлайн-платформа арқылы оқытуды өткізуге сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге жетекшілік ететін Басқарма мүшесінің шешімі бойынша жол беріледі.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

#### **7 бап. Оқудан өтуге үміткерге рұқсат ету**

1. Үміткерді оқудан өтуге жіберу (осы баптың 2 тармағын ескере отырып) жүзеге асырылады:
  - 1) егер осы үміткер Биржаның қызметкері болып табылмаса – осы Ережелерге 2 қосымшаның нысаны бойынша жасалған және Биржаға электрондық пошта trade@kase.kz мекен-жайына жіберілген, осы үміткер соның қызметкері болып табылатын ұйымның Биржа алған өтініші (бұдан әрі осы бапта – өтініш); негізінде
  - 2) егер осы үміткер Биржаның қызметкері болып табылса – Бөлім алған осы үміткер жұмыс істейтін Биржаның құрылымдық бөлімшесі басшысының электрондық өтінімі негізінде немесе осы үміткердің (егер ол Биржаның Директорлар кеңесіне, Биржаның Басқарма Төрағасына немесе Биржа басқармасына тікелей бағынатын болса) еркін нысанда жасалған және Бөлімге электрондық trade@kase.kz пошта мекен-жайына жіберілген өз электрондық өтінімі (бұдан әрі осы бапта – өтінім) негізінде;
  - 3) егер осы үміткер сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты бөлімшенің қызметкері болып табылса – осы үміткердің еркін нысанда жасалған және Бөлімге trade@kase.kz электрондық пошта мекен-жайына жіберілген өзінің электрондық өтінімі негізінде.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

2. Өтініш (өтінім) бергеннен кейін үміткер тіркелгеннен кейін семинарға қатысуға жіберіледі.
3. Осы үміткерге қатысты өтінішті (өтінімді) Биржа оқыту өткізілетін күннің алдындағы бір жұмыс күнінен кешіктірмей алуы тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
4. Оқуға қатысу үшін үміткерді тіркеуді растау осы үміткердің электрондық поштасының мекен-жайына жіберу арқылы жүзеге асырылады:
  - 1) үміткер онлайн-платформа арқылы оқудан өткен жағдайда оқытуды өткізу күні мен уақыты, немесе
  - 2) үміткер оқыту материалдарын өз бетінше зерделеу жолымен оқудан өткен жағдайда, Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған оқыту материалдарын қарау үшін қосылу параметрлері (логин мен пароль).

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

5. Осы Ережелердің 5 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес оқудан өткен үміткер электрондық пошта trade@kase.kz мекен-жайына жібереді осындай оқудан өткені туралы хабарлама жолдайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

### 3 тарау. САУДА-САТТЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ КІРУГЕ РҰҚСАТТАМА

#### § 1. Пайдаланушының қысқа коды мен құпия сөзі

##### 8 бап. Рұқсаттама беру туралы жалпы қағидалар

1. Биржа осы Ережелердің 15-20 баптарында қарастылыған ақпараттарды алғанан соң, соның негізінде пайдаланушыға сауда-саттық жүйесіне кіруге рұқсаттама береді.
2. Рұқсаттама берілгенде пайдаланушыға қысқа код беріліп, құпия сөз орнатылады, осыларды пайдаланып сауда-саттық жүйесіне кіреді.
3. Қысқаша кодтың құрылымы "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібі туралы нұсқаулық" атты Биржаның ішкі құжатында келтірілген *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

Қысқа кодты тағайындау және құпия сөзін орнату тәртібі, сондай-ақ оларды беру, сақтау және пайдалану тәртібі осы Қағидалардың 9-13 баптарында белгіленген.

4. Сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеу кезінде бағдарламалық-криптографиялық ақпараттық қауіпсіздік құралдарын қолдану ерекшеліктері, қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеу кезінде бағдарламалық-криптографиялық ақпараттық қауіпсіздік құралдарын пайдалану туралы Биржаның ішкі құжатымен белгіленеді.
5. Сауда-саттық жүйесінде оны енгізгеннен кейін қысқа кодты және пайдаланушының құпия сөзін қолданумен жасалған барлық әрекеттер мен әрекетсіздіктер осы пайдаланушы жасаған болып саналады.
6. Биржа сауда-саттық жүйесінде оның қысқа кодын бұғаттау арқылы сауда-саттық жүйесіне пайдаланушының кіруін тоқтатады және сауда-саттық жүйесінен осы қысқа кодты алып тастау арқылы пайдаланушының кіруге рұқсаттамасын тоқтатады.

Пайдаланушының кіру рұқсаттамасы тоқтатылған жағдайда, Биржа осы Ереженің 14 бабына сәйкес тізілімге енгізілген оның атауы осы тізілімнен алынып тасталады.

##### 9 бап. Қысқа код

1. Қысқа код бір рет тағайындалады, оны Биржа қызметкері немесе осы қысқа код тағайындалған пайдаланушы өзгерте алмайды.
2. Бұрын пайдаланушыға берілген қысқа код (интернет-клиентке берілген қысқа кодты қоспағанда), осы пайдаланушының рұқсаттамасы тоқтатылған кезде жойылып, басқа пайдаланушыға қайта берілмейді.

##### 10 бап. Құпия сөз

1. Қысқа кодты белсендіруге үшін пайдаланатын, құпия сөз бістапқы және жұмыс құпияөздері болып бөлінеді.

2. Биржа берген бастапқы құпия сөзді пайдаланушы оны бірден жұмыс паролімен ауыстыру үшін сауда жүйесіне бірінші рет кіру үшін ғана қолдана алады.
3. Сауда-саттық жүйесінің баптауларымен жұмыс құпия сөзін әр 30 күнтізбелік күн сайын өзгерту қарастырылған.
4. Пайдаланушы ауыстыру үшін жыл барысында қолданған құпия сөзіне ұқсас құпия сөзін оната алмайды.
5. Пайдаланушының құпия сөзі латын әріптері, сандар және арнайы әріптік емес цифрлар болып табылатын сегіз таңбадан тұрады. Құпия сөздің құрылымында мына таңбаларды қолдануға тыйым салынады:
  - 1) '#' және '=' таңбалары;
  - 2) үш немесе одан аса қайталанатын таңбалар (мыласы 111, DDDD және т.б.).
6. Келесі төрт шарттың үшеуі құпия сөзде болуы тиіс:
  - 1) кіші латын әріптері ("a"-дан "z"-ке дейін);
  - 2) үлкен латын әріптері ("A"-дан "Z"-ке дейін);
  - 3) цифралар (0-ден до 9-ға дейін);
  - 4) арнайы немес әріптік емес цифралық таңбалар (@, + және т.б.).

**11 бап.**

**Қысқа кодты және бастапқы құпия сөзін беру**

1. Биржа пайдаланушыға қысқа код пен бастапқы құпия сөзді қауіпсіздік кодын қолданумен пайдаланушының электрондық пошта мекен-жайына жіберу арқылы береді.
2. SMA-клиентіне арналған қысқа код пен бастапқы құпия сөзді Биржа осындай клиенттің атынан рұқсаттама беруге өтінім жіберген трейдерге, осы трейдердің электрондық пошта мекен-жайына жіберу арқылы, береді.
3. Биржа, осы Ережелердің 20 бабының 3 тармағына сәйкес Биржаға келіп түскен өтінімде көрсетілген тұлғаға шлюз арқылы сауда-саттық жүйесіне қосылуға арналған қысқа кодты және бастапқы құпия сөзді, осындай тұлғаның электрондық поштасының мекен-жайына, қауіпсіздік кодын қолдана отырып, жіберу арқылы береді.
4. Пайдаланушы соның қызметкері болып табылатын ұйым Биржаға, осы Ережелердің 3 қосымшасындағы нысан бойынша сенімхат ұсынса, қысқа код пен бастапқы құпия сөзді пайдаланушының уәкілетті өкіліне алуға рұқсат етіледі.
5. Бөлім қысқа кодтар мен бастапқы құпия сөздер берілген, пайдаланушыларды есепке алады.
6. Осы баптың 1 және 2 тармақтарына сәйкес шығарылған қысқа кодтың және пайдаланушының бастапқы құпия сөзінің құпиялығы мен қауіпсіздігінің бұзылуы және осындай бұзушылықтың кез-келген салдары үшін барлық жауапкершілік, осы пайдаланушы соның қызметкері болып табылатын, ұйымға жүктеледі.

**12 бап.**

**Қысқа кодты бұғаттау және оның қолданысын қайта бастау**

1. Биржа пайдаланушыға берген қысқа кодты келесі жағдайларда бұғаттауға құқылы:
  - 1) пайдаланушының құпия сөзінің құпиялығы мен сақталуы бұзылған жағдайда Бөлімнің қызметкеріне жүгінуі;



- 2) пайдаланушы қатарынан үш реттен астам (автоматты түрде) қате құпия сөзін енгізгенде;
- 3) трейдер сауда-саттыққа қатысудан шеттетілгенде.
2. Осы баптың 1 тармағының 1) немесе 2) тармақшаларына сәйкес бұрын Биржа бұғаттаған қысқа кодты қалпына келтіру үшін пайдаланушы Биржаға кез-келген нысандағы өтінімді ұсынуы тиіс.
3. Осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасына сәйкес бұрын Биржа бұғаттаған қысқа кодты қайта бастау осы трейдердің қызметкері болып табылатын Биржа мүшесі мүшелік ережелеріне сәйкес Биржаның пайдасына тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлегеннен кейін үш жұмыс күн өткеннен кейін жүзеге асырылады.
4. Қысқа кодты жаңартқан кезде пайдаланушыға осы Қағидалардың 11 бабында белгіленген тәртіппен осы пайдаланушы үшін қайта орнатылған бастапқы құпия сөзі беріледі.

#### 13 бап.

#### Құпия сөздің құпиялылығы және сақталуы

1. Пайдаланушы және осы пайдаланушы жұмыс істейтін ұйым құпия сөзді (бастапқы немесе жұмыс істейтін) пайдалану және оны сақтау кезінде оның құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, соның ішінде:
  - 1) құпия сөзді сақтау, өңдеу немесе байланыс арналарын пайдаланумен беру барысында үшінші тараптарға ашу;
  - 2) құпия сөзді бүлдіру, оның бүтіндігін бұзу және қорғалғандығы, соның ішінде оны заңсыз өзгерту және көшіру;
  - 3) үшінші тұлғалармен құпия сөзді пайдалануы.
2. Биржа мүшесінің трейдері немесе бақылау мен қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы болып табылатын, пайдаланушы қысқа кодты және/немесе құпия сөзді (бастапқы немесе жұмыс) басқа тұлғаларға бергенін анықтаса, сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Басқарма мүшесінің шешімі бойынша Биржаның мұндай мүшесіне АЕК<sup>1</sup> 50-еселік мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін.

Осы тармақтың бірінші абзацының қолданысы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне тарамайды.
3. Құпия сөздің (бастапқы немесе жұмыс) құпиялылығы мен қауіпсіздігінің бұзылуын анықтаған пайдаланушы немесе оның уәкілетті өкілі осы Қағидалардың 12 бабына сәйкес қысқа кодты бұғаттау (жедел) мақсатында дереу пайдаланушының өзара әрекеттесу бөлімшесінің қызметкерлеріне (кез-келген қол жетімді байланыс құралдары арқылы) хабарласуы керек.

Қысқа кодты уақтылы бұғаттамаудың салдары үшін жауапкершілік осы пайдаланушы мүдделерін білдіретін ұйымға жүктеледі.

#### 14 бап.

#### Пайдаланушылардың тізілімі

Биржа пайдаланушыға осы пайдаланушының және ол мүдделерін білдіретін ұйымның өкілеттіктерінің шегінде рұқсаттама береді және осы пайдаланушының атын келесі тізілімдердің біріне енгізеді:

---

<sup>1</sup> Зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұлдар, салықтар және басқа төлемдерді қолдану үшін ай сайынғы есептік көрсеткіш, оның құны тиісті жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген.

- 1) осы Ережелердің 4 қосымшасында берілген нысан бойынша құрастырылған, "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелері трейдерлерінің тізілімі;
- 2) осы Ережелердің 5 қосымшасында берілген нысан бойынша құрастырылған, "Қазақстан қор биржасы" АҚ бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушылары қызметкерлерінің тізілімі;
- 3) осы Ережелердің 6 қосымшасында берілген нысан бойынша құрастырылған, қадағалаушылардың тізілімі;
- 4) сауда-саттық жүйесіне кіруге рұқсаттама алған, Биржа қызметкерлерінің тізілімі;
- 5) тапсырмаларды өңдеудің қосалқы жүйесіне рұқсаттама алған, SMA-клиенттерінің тізілімі;
- 6) сауда-саттық жүйесіне қол жеткізген клирингтік ұйым қызметкерлерінің тізілімі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

## § 2. Сауда-саттық жүйесіне кіруге рұқсаттама алудың тәртібі

### 15 бап. Биржа мүшесінің трейдеріне сауда-саттық жүйесіне кіруге рұқсаттама беру

1. Оқытудан өткен Биржа мүшесінің трейдеріне қолжетімділік Биржа мыналарды алған жағдайда беріледі:
  - 1) Осындай трейдердің аты енгізілген трейдерлер тізімі;
  - 2) trade@kase.kz электрондық пошта мекен-жайына жіберілген трейдердің оқудан өткені туралы хабарламалар, егер оқыту осы Ережелердің 5 бабы 1 тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәсілмен өткен жағдайда.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

2. Биржа мүшесі трейдерлерінің тізімінің қолданыс мерзімі осы тізім берілгеннен бастап үш жылдан аспауы тиіс.

Биржа мүшесі өзінің трейдерлер тізімінің (тізімдерінің) сәйкестігі үшін және өзінің трейдерлерінің жаңа тізімін (жаңа тізімдерін) Биржаға уақтылы ұсынбауының салдары үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

Биржа трейдерлер тізімінің қолданыс мерзімі аяқталған жағдайда, Биржа мүшесінің трейдерлерінің рұқсаттамасын уақытша тоқтатуға құқылы.
3. Биржа мүшесінің трейдері жұмыстан шығарылған және/немесе оны сауда-саттық жүйесімен жұмысты жасамайтын қызметке ауыстырған жағдайда, Биржа мүшесі осы трейдердің лауазымдағы соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей, сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасауды көздейтін трейдерлер тізімінен осы трейдердің атын алып тастап, осы (жаңартылған) тізімді Биржаға жіберуі тиіс.
4. Биржа осы баптың 3 тармағында белгіленген талаптың орындалмағанын анықтаса, сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Басқарма мүшесінің шешімімен, Биржа мүшесіне АЕК 50-еселенген мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін, оны Биржа белгілеген мерзімде Биржаның пайдасына төлеуі тиіс.
5. Биржа мүшесі трейдерінің аты трейдерлер тізімінде болмаған жағдайда, осы трейдердің рұқсаттамасы тоқтатылады.
6. Биржа мүшесі өз қызметкерінің, оған берілген өкілеттіліктен туындайтын, әрекеттеріне толық жауапкершілікті өзіне алады.

**16 бап. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушысының қызметкеріне рұқсаттама беру**

1. Оқудан өткен бақылау және қамтамасыз ету жүйесі пайдаланушысының қызметкеріне қолжетімділік Биржа мыналады алған жағдайда беріледі:
  - 1) осындай қызметкердің аты-жөні енгізілген, Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы қызметкерлерінің тізімі;
  - 2) trade@kase.kz электрондық пошта мекен-жайына жіберілген қызметкердің оқудан өткені туралы хабарлама, егер оқыту осы Ережелердің 5 бабы 1 тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәсілмен өткен жағдайда.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

2. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушысының қызметкерлері тізімінің қолданыс мерзімі, осы тізім берілгеннен кейін, бес жылдан аспауы тиіс.

Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушысы өз қызметкерлерінің тізімінің актуалдылығына және осындай қызметкерлерінің жаңа тізімін уақытылы ұсынбауының салдары үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

Биржа қызметкерлер тізімінің қолданыс мерзімі аяқталған жағдайда, Биржа мүшесінің қызметкерлерінің рұқсаттамасын уақытша тоқтатуға құқылы.

3. Биржа мүшесінің қызметкері жұмыстан шығарылған және/немесе оны сауда-саттық жүйесімен жұмысты жасамайтын қызметке ауыстырған жағдайда, Биржа мүшесі осы қызметкердің лауазымдағы соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей, сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасауды көздейтін қызметкерлер тізімінен осы қызметкердің атын алып тастап, осы (жаңартылған) тізімді Биржаға жіберуі тиіс.
4. Биржа осы баптың 3 тармағында белгіленген талаптың орындалмағанын анықтаса, сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Басқарма мүшесінің шешімімен, Биржа мүшесіне АЕК 50-еселенген мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін, оны Биржа белгілеген мерзімде Биржаның пайдасына төлеуі тиіс.
5. Осы баптың 4 тармағының қолданысы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне тарамайды.
6. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушысы қызметкерлерінің тізімінде қызметкердің аты болмаған жағдайда осы қызметкердің рұқсаттамасы тоқтатылады.

**17 бап. Қадағалаушыға сауда-саттық жүйесіне рұқсаттама беру**

1. Сауда-саттық жүйесімен қадағалаушы ретінде жұмыс істеуге ниет білдірген адамға рұқсаттама берудің негізі Биржаның осы тұлға мүдделерін білдіретін ұйымнан, осы Қағидалардың 7 қосымшасы (бұдан әрі – Қадағалаушылар тізімі) түрінде Қадағалаушылар тізімін алуы болып табылады.
2. Қадағалаушылар тізімінің қолданысы, осындай Тізім берілген күннен кейін, бес жылдан аспауы тиіс.

Биржа мүшесі өз қадағалаушыларының тізімінің актуалдылығына және осындай пайдаланушылардың жаңа тізімін уақытылы ұсынбауының салдары үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

Биржа қадағалаушылар тізімінің қолданыс мерзімі аяқталған жағдайда, қадағалаушының рұқсаттамасын уақытша тоқтатуға құқылы.

3. Соның мүддесін өкілдейтін ұйымның қадағалаушысы жұмыстан шығарылған жағдайда, осы қадағалаушының соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей, қадағалаушылар тізімінен осы қызметкердің атын алып тастап, осы (жаңартылған) тізімді Биржаға жіберуі тиіс.
4. Қадағалаушының аты Қадағалаушылар тізімінде болмаған жағдайда осы қадағалаушының рұқсаттамасы тоқтатылады.

**18 бап.**

**SMA-клиентке тапсырмалар өңдеудің қосалқы жүйесіне рұқсаттама беру**

1. SMA-клиентке тапсырмаларды өңдеудің қосалқы жүйесіне рұқсаттама беру Биржа мүшесінің осы Ережелердің 8 қосымшасындағы нысан бойынша рәсімделген өтініші негізінде жүзеге асырылады.
2. Биржа мүшесі дербес түрде анықтайды:
  - 1) өз SMA-клиентіне рұқсаттама беру немесе рұқсаттаманы жою мүмкіншілігін, сондай-ақ оның тапсырмалар өңдеудің қосалқы жүйесіндегі өкілеттілігін өзі анықтайды;
  - 2) негізгі тексерулердің тізімі және тапсырмаларды өңдеудің қосалқы жүйесіне тапсырмалар беру шектелімдерін тексеру.
3. SMA-клиентті рұқсаттамасын тоқтату Биржа мүшесінің осы Ережелердің 8 қосымшасындағы нысан бойынша рәсімделген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

**19 бап.**

**Биржа қызметкеріне сауда-саттық жүйесіне рұқсаттама беру**

1. Биржа қызметкеріне рұқсаттама, осы қызметкердің сауда-саттық жүйесімен жұмыс істегенде оған жүктелген міндеттемелер аясындағы өкілеттілігінен шыға отырып беріледі.
2. Биржа қызметкеріне рұқсаттама беру, сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізуге жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының мүшесіне құрылымдық бөлімшенің жетекшісінен және/немесе осы (жеке) Биржа қызметкерінен оқудан өткені туралы (осы тармақтың екінші абзацында, Ережелердің 2 бабының 2 және 3 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен) және осындай қызметкерге рұқсаттама беру туралы қызметтік жазбахат негізінде жүзеге асырылады.

Сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізуге жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкеріне рұқсаттама беруге негіздеме, осы қызметкердің оқуға қатысуы болып табылады (осы Ережелердің 2 бабының 2 және 3 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен).
3. Биржа қызметкеріне рұқсаттаманы тоқтатуға негіз болып табылады:
  - 1) құрылымдық бөлімшесінің жетекшісінен және/немесе осы (жеке) Биржа қызметкерінен Бөлімге жолданған, сы қызметкердің рұқсаттамасын тоқтату туралы қызметтік жазбахат;
  - 2) Биржа қызметкерінің жұмыстан шығуы немесе сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасауды көздемейтін жұмысқа ауыстырылуы.
4. Рұқсаттама алған Биржа қызметкерлерінің есебін Бөлім жүргізеді.

**19-1 бап. Клирингілік ұйым қызметкерінің сауда-саттық жүйесіне қол жетімділігі**

1. Клирингілік ұйымның қызметкеріне (бұдан әрі – қызметкер) қол жеткізу осы қызметкердің өзіне жүктелген міндеттер шегінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеу кезіндегі өкілеттіктерін негізге ала отырып беріледі.
2. Биржа клирингілік ұйымнан алған жағдайда қызметкерге қолжетімділік беріледі:
  - 1) Осы Ережелерге 8-1 қосымшаның нысаны бойынша толтырылған клирингілік ұйым қызметкерлерінің тізімі;
  - 2) trade@kase.kz электрондық пошта мекен-жайына жіберілген осы қызметкердің оқудан өткені туралы хабарлама (осы Ережелердің 2 бабының 2 және 3 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып), егер оқыту осы Ережелердің 5 бабы 1 тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәсілмен өткен жағдайда.
3. Қызметкер жұмыстан босатылған және/немесе оның сауда-саттық жүйесімен жұмысты болдырмайтын лауазымға ауысқан жағдайда, клирингілік ұйым осы қызметкердің функционалдық міндеттері сауда-саттық жүйесімен жұмыс көзделген лауазымда болған соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей, осы қызметкерге қол жеткізуді тоқтату туралы биржаны жазбаша хабардар етуге міндетті.
4. Клирингілік ұйым өз қызметкерінің өзіне берілген өкілеттіктерден туындайтын іс-әрекеттері үшін толық жауапкершілікті өзіне алады.
5. Қол жеткізуге рұқсат елған қызметкерлерді есепке алуды Бөлім жүргізеді.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

**20 бап. Сауда-саттық жүйесіне шлюз арқылы рұқсаттама беру**

1. Сауда-саттық жүйесіне Биржада бар шлюздердің бірі арқылы рұқсаттама Биржа мүшесіне, осы Ережелердің 9 қосымшасында анықталатын, оның қолдану мақсатына қарай беріледі.
2. Биржа мүшесі Биржадағы мүшелік санаттарына қатысты ғана өзі қатысуға құқығы бар ұйымдастырылған нарықтың сауда-саттықтарына сауда-саттық жүйесіне шлюз арқылы кіруге құқылы.
3. Биржа мүшесіне сауда-саттық жүйесіне шлюз арқылы кіруге рұқсаттама беру үшін осындай Биржа мүшесінің, осы Ережелердің 9 қосымшасындағы нысан бойынша рәсімделген, өтініші негіз болып талбылады.
4. Биржа мүшесі сауда-саттық шлюзі арқылы сауда-саттық жүйесіне рұқсаттама беру туралы өтінім бергенге дейін Биржа мүшесі, лауазымдық міндеттеріне Биржамен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, осы Қағидалардың талаптарының орындалуын бақылау кіретін, тұлға ретінде өзінің сауда-саттық бөлімінің қызметкерін тағайындауға міндетті.
5. Биржа сауда-саттық жүйесіне шлюз арқылы өтінім берген Биржа мүшесінен рұқсаттама алуға өтінім алғаннан кейін, сұрауға құқығы бар және ол осындай қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша ақпаратты ұсынуға міндетті.

Биржа осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес қосымша ақпарат сұраса, шлюз арқылы сауда-саттық жүйесіне қол жеткізуге өтінімді қарау мерзімі осындай сұрау салынған күн мен осындай сұранысқа сәйкес Биржа мүшесінен қосымша ақпарат алған күн арасындағы аралықтың ұзақтығына сәйкес ұзартылады.
7. Сауда-саттық жүйесіне шлюз арқылы қол жеткізген Биржа мүшесі шлюз арқылы жүйеге кіру үшін өзінің қысқа кодтары мен құпия сөздерінің

жазбаларын жүргізуге және осындай есепке алудың үнемі ақталдылығын қамтамасыз етуге міндетті.

8. Сауда-саттық жүйесіне шлюз арқылы кіретін пайдаланушы жұмыс істейтін ұйым оны сақтау және пайдалану кезінде құпия сөздің (бастапқы немесе жұмыс істейтін) құпиялығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, сонымен қатар ақпараттың құпиялығы мен оны сақтаудың бұзылуына жауап береді.
9. Биржа мүшесі:
  - 1) осы Ережелермен немесе Биржаның басқа да ішкі құжаттарымен қарастырылған, қандай да бір талапты бұзғаны үшін;
  - 2) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес шлюз арқылы сауда-саттық жүйесінде жасалған мәміле бойынша міндеттемені орындамау немесе толық орындамағаны үшін жауапты болады.
10. Биржа мүшесінің Биржаға еркін түрде жазылып жолданған, хаты сауда-саттық жүйесіне рұқсаттаманың тоқтатуға негіз болады.

## 21 бап.

### Пайдаланушыларды есепке алу және мониторинг жүргізу

1. Бөлімнің қызметкерлері пайдаланушыларды есепке алу және мониторинг жүргізумен байланысты келесі жұмыстарды жүзеге асырады:
  - 1) белгіленген талаптарға сәйкес құжаттарды тексеру, жүргізу және есепке алу;
  - 2) Биржада оқудан өткен және/немесе рұқсаттама алған, пайдаланушылардың мониторингі;
  - 3) пайдаланушыларды оқыту және рұқсаттама берумен байланысты басқа да жұмыстар.
2. Бөлім қызметкерлері өз мүдделерін білдіретін пайдаланушылар мен ұйымдардан өз функцияларын орындауы қажет ақпаратты сұрауға құқылы, сондай-ақ осындай ақпаратты бар Биржа бөлімшелерінен сұрауға құқылы.
3. Пайдаланушылардың есебін жүргізу мақсатында, Бөлім қызметкерлері, осы Ережелердің 14 бабында келтірілген, тізімді жүргізеді.
4. Осы Ережелердің 4 қосымшасындағы нысан бойынша жасалған, трейдерлердің тізілімі Биржаның интернет-ресурсында жарияланады.

## 5 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

## 22 бап.

### Тұжырымды қағидалар

1. Пайдаланушы соның мүдделерін өкілдейтін, ұйым осы ұйымның және/немесе осы пайдаланушының осы Ережелердің талаптарын бұзғаны үшін жауап береді.
2. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмегенше дейін қолданыста болады.
3. Осы Ережелерде реттелмеген сұрақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарын, сондай-ақ Биржа органдарының шешімдеріне сәйкес реттеледі.
4. Осы Ережелерге өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу (ақталдылау) жауапкершілігі Сауда-саттық департаментіне жүктеледі.

5. Осы Ережелер қажетіне қарай, бірақ осы Ережелердің қолданысқа енгізілген күннен бастап кемінде үш жылда бір рет, актуалдылануы тиіс.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.

Биржаның сауда-саттық  
жүйелеріне кіруге  
рұқсаттама беру  
ережелеріне

**1 қосымша**

**Оқуларға қатысқан, "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесін пайдаланушылары болуға  
үміткерлерді есепке алу**

**Т І З І Л І М І**

№ р/с	Үміткердің толық аты- жөні	Ұйымның атауы	Өтініштің/электронды өтінімнің келіп түскен күні	Курстың атауы	Оқуға қатысқан күні



Биржаның сауда-саттық  
жүйелеріне кіруге  
рұқсаттама беру  
ережелеріне

2 қосымша

[фирмалық бланкіде]

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесін пайдаланушыларын  
оқыту туралы**

**Ө Т І Н І Ш**

Осы өтінішімізбен [ұйымның атауы] келесі қызметкерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) сауда-саттық жүйесіне кіруге рұқсаттама беру мақсатында келесі қызметкердің оқытуын өткізуді сұраймыз:

Тегі, аты әкесінің аты (бар болса)	
ЖСН	
Жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні	
Жеке тұлғаны куәландыратын құжатты брген, органның атауы	
Қызметі	
Жұмыс телефонының нөмірі	
Мобильді телефонының нөмірі	
Жұмыс электронды поштасының мекен-жайы	
Оқу курсының атауы (оқу курстарының атаулары)	
Оқыту тәсілі	<input type="checkbox"/> онлайн-платформа <input type="checkbox"/> оқу материалдарын өз бетінше зерттеу

*(Осы жол Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен  
енгізілген)*

Осы өтінішімізбен [ұйымның атауы] атынан аталған қызметкердің оқытуға қатысу шарттары мен тәртібін орындамауына жауапкершілікті өз мойнымызға аламыз.

[Бірінш қол қою құқығына ие  
тұлғаның лауазымы]

[қолтаңба]

[инициалдары, тегі]

["ЖЖЖЖ ДД айы" форматындағы дата]

Биржаның сауда-саттық  
жүйелеріне кіруге  
рұқсаттама беру  
ережелеріне

**3 қосымша**

[фирмалық бланкіде]

## **С Е Н І М Х А Т**

[Дата]

[қала]

Осы сенімхатпен [ұйымның атауы] (мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі [берілген күні, берген орган]), бұдан әрі "Сенімхат беруші" атынан [құжаттың атауы, берілген күні, нөмірі] негізінде әрекет етуші [жетекшінің лауазымы, тегі, инициалдары] бұдан әрі "Сенім артылған" деп аталушы [Сенім артылғанның лауазымы тегі, инициалдары] (жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың атауы, берілген күні, нөмірі, берген органның атауы) Сенімхат берушінің "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесіне кіру рұқсаттамасын алу үшін қажетті қысқа кодты және бастапқы құпия сөзін алуға мүддесін өкілдеуге сенім білдіреді.

Осы сенімхат бойынша берілген өкілеттілік шегінде Сенім артылған:

- 1) Сенімхат берушінің атынан келіссөздер жүргізуге;
- 2) Сенімхат берушінің подписывать от имени Доверителя документы;
- 3) сенімхатта көрсетілген тапсырмаларды орындаумен байланысты қажетті заңды және нақты әрекеттер жасауға құқылы.

Сенім артылған тұлға осы Сенімхат бойынша берілген өкілеттіліктерді өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Осы Сенімхат өкілеттіліктерді өзге тұлғаға беру құқығысыз ["ЖЖЖ КК айы" форматындағы дата] дейін берілді.

Сенім артылған тұлғаның  
қолтаңбасының үлгісі:

[қолтаңба]

[Сенім артылғанның  
инициалдары, тегі]

[Бірінші қол қою құқығына ие  
тұлғаның лауазымы]

[қолтаңба]

[Инициалдары, тегі]

Биржаның сауда-саттық жүйесіне рұқсаттама беру ережелеріне

4 қосымша

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелері трейдерлерінің<sup>2</sup>**

**ТІЗІЛІМІ**

№ р/с	Биржа мүшесі трейдерінің толық аты-жөні	Қысқаша код	Ұйымның атауы	Мүшелік санаты	Рұқсаттама статусы (берілді/ уақытша тоқтатылған/біржола тоқтатылған)			Тізілімдегі статусы (тізілімге енгізілді/ тізілімнен шығарылды)	
					статусы	датасы	негіздемесі	датасы	статусы

<sup>2</sup> Биржа мүшесі трейдері туралы ағымдағы датаға актуалды ақпарат көрсетіледі

Биржаның сауда-саттық  
жүйесіне рұқсаттама беру  
ережелеріне

**5 қосымша**

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылары қызметкерлерінің**

**ТІЗІЛІМІ**

№ п/п	Қызметкерлің толық аты-жөні	Қысқаш а код	Ұйымның атауы	Рұқсаттама статусы (берілді/уақытша тоқтатылған/ біржола тоқтатылған)			Тізілімдегі статусы (тізілімге енгізілді/Тізілімнен шығарылды)	
				статусы	датасы	негіздемесі	датасы	статусы

Биржаның сауда-саттық  
жүйесіне рұқсаттама беру  
ережелеріне

**6 қосымша**

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ байқаушыларының**

**ТІЗІЛІМІ**

№ р/с	Толық аты-жөні	Қысқаша код	Ұйымның атауы	Мүшелік санаты / нарық	Байқаушылар тізіміне енгізілген күні	Байқаушылар тізімінен шығарылған күні

Биржаның сауда-саттық жүйесіне рұқсаттама беру ережелеріне

7 қосымша

[фирмалық бланкіде]

## БАЙҚАУШЫЛАР ТІЗІМІ

(ұйымның толық атауы)

Берілген күні<sup>2</sup>

Мүшелік санаты<sup>1</sup>

- "қор"  
 "валюта"  
 "деривативтер"

Алдында берілгенге қосымша<sup>1</sup>

Алдында берілгеннің орнына<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Керек нұсқаларды × немесе ✓ белгісімен белгілеңіз, керек емес нұсқаны (нұсқаларды) сызып тастаңыз.

<sup>2</sup> "КК.АА.ЖЖ" форматында.

№ р/с	Лауазымы, жұмыс және мобильді телефонының нөмірі, эл.поштасының мекен-жайы	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Ақша аударуға өкілеттілігінің бар-жоғы <sup>1</sup>	Қолтаңбасының үлгісі
1.			<input type="checkbox"/>	
2.			<input type="checkbox"/>	
3.			<input type="checkbox"/>	

Бұл тізімде "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық барысы мен нәтижелерін қарауға өкілденген, біздің ұйымымыздың қызметкерлерінің тізімін қамтылған.

[Бірінші қол қою құқығына ие тұлғаның лауазымы]

[қолтаңба]

[Инициалдары, тегі]

<sup>1</sup> "Қор нарығы" санаты бойынша байқаушылар тізімі берілген жағдайда толтырылады.

Биржаның сауда-саттық  
жүйесіне рұқсаттама беру  
ережелеріне

8 қосымша

[фирмалық бланкіде]

**SMA-клиентке рұқсаттама беру/өзгерту/алып тастау туралы**

**Ө Т І Н І Ш**

Осы өтінішімізбен [ұйымның атауы] атынан (А, В немесе С нұсқаларының БІРЕУІН ғана таңдау қажет):

<b>А. <input type="checkbox"/> SMA-клиентке келесідей санда қысқа код беруді сұраймыз</b>	
Өкілеттілігі БІРДЕЙ бір немесе бірнеше қысқа кодтар беріледі	
<b>Толтырылады:</b> <b>1 қосымша "Полномочия SMA-клиенттің өкілеттілігі"</b> <b>2 қосымша "SMA-клиентті қосу туралы ақпарат"</b>	
<b>В. <input type="checkbox"/> SMA-клиенттің өкілеттілігін өзгерту</b>	<b>С. <input type="checkbox"/> SMA-клиентті жою</b>
Бір немесе бірнеше кодтар бойынша өкілеттілік өзгертіледі, бірнеше қысқа кодтар үшін БІРДЕЙ өкілеттіліктер орнатылады.	Қысқа код тиісті клирингтік қысқа кодтармен бірге жойылады.
<b>Толтырылады:</b> <b>1 қосымша "SMA-клиенттің өкілеттілігі" және (немесе) 2 қосымша "SMA-клиентті қосу туралы ақпарат"</b>	<b>Қосымшалар толтырылмайды</b>
<b>Қысқа код</b> <i>SMA-клиенттің қысқа кодын көрсету керек: өкілеттілігі өзгертілетін, немесе қысқа коды өзгертілетін, немесе жойылатын SMA-клиенттің қысқа коды.</i>	

\_\_\_\_\_ [Бірінші жетекшінің лауазымы]

\_\_\_\_\_ (қолтаңбасы)

\_\_\_\_\_ (Инициалдары, тегі)

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.

Орындаушы^

\_\_\_\_\_ (Инициалдары мен тегі, телефоны, e-mail)

SMA-клиентке рұқсаттама беру/өзгерту/жою туралы өтінішке

**1 қосымша**

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

**SMA - КЛИЕНТІНІҢ ӨКІЛЕТТІЛІГІ**

1.	<b>SMA-клиентін қосуға арналған қысқаша трейдер коды (SMA әкімшісі)<sup>1</sup></b>	<input type="checkbox"/> орнату	<input type="checkbox"/> негізгі	
		<input type="checkbox"/> өзгерту	<input type="checkbox"/> резервтік	
2.	<b>Интерфейс тілі</b> <i>Әдепкі бойынша – орыс</i>	<input type="checkbox"/> орыс		<input type="checkbox"/> ағылшын
3.	<b>Cancel on Disconnect</b> <i>Әдепкі бойынша тағайындалмайды</i>	Транзакциялық белсенділіктің уақытша шегіне жеткен, сауда-саттық жүйесімен клиенттік байланыс үзілген немесе жоғалған жағдайда белсенді өтінімдерді автоматты түрде алу		
		<input type="checkbox"/> қосу	<input type="checkbox"/> ажырату	
4.	<b>Cancel On Drop-Copy disconnect</b> <i>Әдепкі бойынша тағайындалмайды</i>	Транзакциялық белсенділіктің уақытша шегіне жеткен, Биржа мүшесінің сауда-саттық жүйесімен байланысын үзген немесе жоғалтқан жағдайда белсенді өтінімдерді автоматты түрде алу		
		<input type="checkbox"/> қосу	<input type="checkbox"/> ажырату	
5.	<b>Сауда-клирингтік шоттар бойынша шектеу (СКШ)</b> <i>Бір немесе бірнеше СКШ көрсету керек</i>	<input type="checkbox"/> тек келесі сауда-клирингтік шоттармен пайдалану:  <input type="checkbox"/> келесі сауда-клирингтік шоттарды пайдаланылатын шоттар тізімінен алып тастау:  <input type="checkbox"/> пайдаланылатындарға келесі сауда-клирингтік шоттарды қосу:		

<sup>1</sup> Трейдердің бір қысқа кодын (негізгі) немесе екі қысқа коды (негізгі және резервтік) көрсету қажет. Биржа мүшесі қай идентификатордың негізгі екенін анықтайды. Сауда-клирингтік шоттар бойынша SMA-әкімші шектелген жағдайда Биржа мүшесі SMA-клиентке SMA-әкімшіге пайдалануға рұқсат етілген сауда-клирингтік шоттар шеңберінде ғана өтінімдер беруді қамтамасыз етеді.



SMA-клиентке рұқсаттама беру/өзгерту/жою туралы өтінішке

2 қосымша

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)




## SMA-клиентінің қысқаша кодын қосу туралы А Қ П А Р А Т

I.  терминал арқылы<sup>(1)</sup> (қысқа код түрі – мәміле жасау құқығымен немесе қарау)

Қосылу тәсілі	Терминалдың түрі	<input type="checkbox"/> ASTS+ <input type="checkbox"/> SMA-клиентінің әмбебап жұмыс орны
<input type="checkbox"/> терминалды Интернет арқылы тікелей қосу <sup>(2)</sup>		
<input type="checkbox"/> терминалды Бөлінген арна арқылы қосу <i>Жабық корпоративтік желі DMZ сегментінің IP-мекенжайы көрсетіледі, одан қосылымның ұқсас түрі бар барлық қысқа кодтарды қосу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі</i>		
<input type="checkbox"/> ASTSBridge арқылы терминалды қосу <i>Қосылу ұйымдастырылатын жабық корпоративтік желі CLT сегментінің шлюзінің IP-мекенжайы көрсетіледі</i>		

немесе

II.  сыртқы ақпараттық жүйелер (бұдан әрі – САЖ) арқылы<sup>1</sup> (идентификатор түрі – сауда-саттық САЖ немесе қарау САЖ)

Биржаның БТК-не САЖ қосуға арналған серверлік қосымша	<input type="checkbox"/> ASTSBridge	<input type="checkbox"/> MFIX Transactional
Серверлік қосымшаны орнатудың нақты мекен-жайы		
Сервер қосымшасы орнатылған машинаның IP-мекенжайы		
Клиенттік қосымшаның IP-мекенжайы		
САЖ атауы		
САЖ әзірлеуші компанияның атауы		

<sup>1</sup> Қосу түрі (терминал, ASTSBridge, MFIX Transactional) өзгертілуі мүмкін емес.

Биржаның сауда-саттық  
жүйелеріне қол жеткізуді  
ұсыну ережелерінің  
8 қосымшасына

**8-1 қосымшасы**

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

<b>КЛИРИНГЛІК ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ</b>	Мүшелік санаты <sup>1</sup>
	<input type="checkbox"/> "қор" <input type="checkbox"/> "валюта" <input type="checkbox"/> "деривативтер"
Берілген күні <sup>2</sup>	<input type="checkbox"/> Алдында берілгеннен қоса <input type="checkbox"/> Алдында берілгеннің орнына

<sup>1</sup> Қажетті опцияларды × немесе ✓ белгілерімен белгілеу

<sup>2</sup> "DD.MM.YY" форматында.

№ р/с	Лауазымы, жұмыс және ұялы телефон нөмірі, мекен-жайы эл.поштасы	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қызметкердің өкілеттіктері	Қолтаңба үлгісі
1.				
2.				
3.				

Жоғарыда аталған тұлғалар біздің ұйымның атынан "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) сауда-саттық жүйесіне қол жеткізуге уәкілетті.

Жоғарыда аталған адамдардың осы құжатта берілген өкілеттіктерден туындайтын әрекеттері үшін өзімізге толық жауапкершілікті қабылдаймыз.

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

Биржаның сауда-саттық  
жүйесіне рұқсаттама беру  
ережелеріне

**9 қосымша**

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 26 мамырындағы және  
2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

[фирмалық бланкіде]

**Шлюз арқылы Биржаның сауда-клирингілік жүйесіне  
қол жеткізуді ұсыну туралы**

**Ө Т І Н І Ш**

Осымен [ұйымның толық атауы] атынан "Қазақстан қор биржасы" АҚ-дан сауда-клирингілік жүйеге қосылу арқылы қол жеткізуді сұрайды:

№ р/с	Сауда-клирингілік жүйенің атауы	Қосылу түрі				
		FIX- хаттама	FAST	ASTS Bridge	Plaza2 CGate	TWIME
1.	ASTS+ (қор нарығы)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		
2.	ASTS+ (валюта нарығы)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		
3.	SPECTRA	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Шлюз арқылы сауда-клирингілік жүйеге қосылуға сұратылған қолжетімділік мынадай мақсатта қажет:

- алгоритмдік сауда-саттық және/немесе тәуекел-менеджмент жүйелерінде қолданбай сауда-саттық операцияларын жасау;
- сауда-саттық операцияларын жасау құқығысыз өз өтінімдері мен мәмілелері бойынша ақпарат алу;
- өтінімдерді немесе баға белгілеулерді автоматты немесе жартылай автоматты түрде генерациялау/белгілеу, бағаларды алготрейдинг және/немесе тәуекел-менеджмент мақсатында пайдалану, өтінімдерді автоматты түрде беру, операциялық қызметті бақылау бағдарламаларын пайдалану мақсатында бағаларды пайдалану үшін туынды ақпаратты одан әрі тарату және/немесе ішкі пайдалану үшін, оның ішінде (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) құру, инвестициялық талдауды, қадағалауды, комплаенс-бақылауды, сондай-ақ портфельді бағалауды жүзеге асыру үшін бағдарламаларды пайдалану, бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалана отырып, өтінімдерді бақылау\тексеру\растау және т. б.

Көрсетілген шлюз арқылы сауда-клирингілік жүйеге қосылу үшін қысқаша код пен пароль алуға жауапты тұлға \_\_\_\_\_ (трейдерлер тізіміне енгізілген қызметкердің тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі), жұм. тел.: \_\_\_\_\_, эл. мекен-жайы: \_\_\_\_\_.

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]